

**"1993 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1993 жылғы қазанның 25-індегі N 2477 Қазақстан Республикасы Заңын жүзеге асыру туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 12 қараша 1993 ж. N 1113

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "1993 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 25 қазандағы N 2477 Заңымен енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен 1993 жылға арналған нақтыланған республикалық бюджет N 1 қосымшаға сәйкес кірісі бойынша 2 151 247 361 мың сом сомасында және шығыс бойынша 2 580 874 606 мың сом сомасында, тапшылықтың шекті мөлшері 429 627 245 мың сом сомасында орындалуға қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасының осы аталған Заңымен:

- 1993 жылғы 1 қазаннан қосымша ақы мен үстеме ақыны, сыйлықтар мен басқа да ынталандыру төлемдерін есепке алмағанда, ең төменгі еңбекақы айына 14600 сом мөлшерінде белгіленгені;

- 1993 жылғы 1 қазаннан зейнетақы мен жәрдемақының барлық

түрлерінің қолданылып жүрген мөлшерінің өсірілгені және жасының ұлғаюына байланысты зейнетақының ең төменгі мөлшері ең төменгі еңбекақы деңгейінде сақталғаны;

1993 жылғы 1 қазаннан бастап балалары бар отбасыларына қолданылып жүрген заңға сәйкес мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ай сайын төленетін жәрдемақы мынадай мөлшерде:

- мына жастағы балаларға берілетін бірыңғай жәрдемақы:

3 жасқа дейін - 10 400 сом;

3 жастан 18-ге дейін - 7 800 сом;

- мына жастағы балалары бар жалғызбасты аналарға берілетін

мемлекеттік жәрдемақы:

6 жасқа дейін - 6 500 сом;

6-дан 18 жасқа дейін - 7 400 сом

- мерзімді қызметтегі әскери қызметшілердің балаларына және инфекциялық вирусты жұқтырған иммунодефицитті немесе СПИД-пен ауырған адамның балаларына

берілетін жәрдемақы - 8 700 сом болып белгіленгені;  
- халықтың аз қамтылған бөлігіне отынға арнап республикалық бюджет есебінен 50 711 800 мың сом мөлшерінде өтемақы төлеу көзделгені ескерілсін.

Баға реттеу қорының қаражаты мына бағыттарға:  
табысы аз азаматтарға көрсетілетін тұрғын үй-коммуналдық қызметтің жекелеген түрлерінің шығынын өтеу үшін - 11 652 000 мың сом, Ресейге берілетін астық бағасының айырмасын өтеу үшін - 4 000 000 мың сом және ауыл шаруашылық тауарларын өндірушілерге дизель отыны шығынын өтеу үшін 1993 жылғы 1 қазанға дейінгі кезеңде 27 000 000 мың сом жұмсалады.

- 1993 жылғы 1 қарашадан бастап стипендия өндірістен қол үзіп оқитын аспиранттарға - кіші ғылыми қызметкердің еңбекақысының мөлшерінде, жоғарғы оқу орындарының үлгерімді студенттеріне - айына 11 700 сом, оқу мерзімі 10 айға дейінгі арнаулы орта оқу орындары мен кәсіптік-техникалық училищелердің оқушыларына - айына 10 200 сом

болып белгіленсін;

- 1993 жылғы 1 қарашадан бастап жалпы білім беретін мектептердің 1-4 сыныптарының оқушыларына тамақтануға шыққан шығынды ішінара өтеу бір оқушыға күніне 400 сом мөлшерінде белгіленсін;

- 1993 жылы облыстар мен Ленинск қаласының бюджеттеріне субвенция 241 679 270 мың сом мөлшерінде бөлінді, соның ішінде:

(мың сом)

Ақмола облысы	2 562 384
Ақтөбе облысы	4 950 656
Алматы облысы	36 714 224
Атырау облысы	6 694 327
Шығыс Қазақстан облысы	1 438 201
Жамбыл облысы	17 358 461
Жезқазған облысы	443 060
Батыс Қазақстан облысы	6 515 724
Қарағанды облысы	3 550 852
Қызылорда облысы	46 499 773
Көкшетау облысы	7 517 618
Қостанай облысы	483 922
Маңғыстау облысы	1 425 888
Павлодар облысы	1 340 999
Солтүстік Қазақстан облысы	2 340 420
Семей облысы	24 189 712

Талдықорған облысы	11 213 280
Торғай облысы	3 787 287
Оңтүстік Қазақстан облысы	53 732 270
Ленинск қаласы	8 920 212

### 3. Қазақстан Республикасының қаржы министрлігі:

Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі темір жол басқармасының білім беру және денсаулық сақтау мекемелерін ұстауға бөлінген 28,9 млрд. сом қаржы, соның ішінде жалпы білім беретін мектептердің 1-4 сынып оқушыларын тамақтандыруға шыққан шығындарды ішінара өтеуге бөлінген 637 млн. сом қаржы білім беру мен денсаулық сақтауға шыққан шығындардың құрамында екенін ескерсін.

4. N 2 қосымшаға сай бұқаралық ақпарат құралдарын ұстауға арналған шығындардың құрамында газет, журнал редакциялары құрылтайшылары бойынша 9 849 011 мың сом мөлшерінде дотация көзделсін.

5. Мемлекеттің мұқтажы есебіне 1993 жылдың астығын сатып алуға жеңілдікпен берілетін кредиттің бөлінуіне байланысты шыққан шығынды өтеу механизмінің өзгеруіне байланысты "Астық" Мемлекеттік акционерлік компаниясына 57 733 300 мың сом және Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 30 тамыздағы N 1333 өкіміне сәйкес "Мұнай өнімдері" Мемлекеттік акционерлік компаниясына 8 666 700 мың сом көзделсін.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық банкімен бірлесе отырып, бір апта ішінде 1993 жылғы астықты сатып алуға жеңілдікпен берілген кредиттерге байланысты шыққан шығындарды өтеу туралы Ережеге өзгерістер енгізсін және 1994 жылға арналған бюджетті әзірлеу кезінде келесі жылы аталған шығындарды қаржыландыру тәртібі туралы ұсыныстар жасасын.

6. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі белгіленген тәртіп бойынша он күн ішінде малды туберкулез бен бруцеллезден емдеу шараларын жүзеге асыру үшін облыстарға қосымша бөлінген қаржыларды бөлу туралы ұсыныс енгізсін.

7. Нан және нан-тоқаш тағамдарына, пісірілген нан орнына берілетін ұнға, жарма ұнтағы мен тарыға мемлекеттік реттелмелі бағаны 1993 жылдың аяғына дейін сақтау д ұ р ы с д е п с а н а л с ы н .

8. Ақмола, Шығыс Қазақстан, Жезқазған, Қостанай, Павлодар облыстары мен Алматы қаласының жұртшылығына берілетін отын үшін өтемақы төлеудегі шығындардың қолданылып жүрген тәртібіне ішінара өзгертулер енгізу тиісті жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен жүргізілсін.

9. Ұлттық банкінің 1992 жылғы республикалық бюджет тапшылығын өтеудегі 15,6 млрд. сом кредиті бойынша берешектерін оның қызмет көрсетуі бойынша шығын жұмсамай 10 жылға кейін қалдыру туралы Қазақстан Республикасы Қаржы

министрлігінің ұсынысы қабылдансын.

10. "1993 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 5 наурыздағы N 170 қаулысына мынадай өзгертулер енгізілсін :

23-тармақтың үшінші абзацы мынадай редакциямен:

"1993 жылғы 1 қарашадан жалпы білім беретін мектептердің 1-4 сыныптары оқушыларының тамақтануын бір оқушыға күніне 400 сомнан есептелгенде шығынды ішінара өтеумен ұйымдастырылуын" - деп жазылсын.

27-тармақ мынадай редакциямен жазылсын:

"27. Қазақстан Республикасы Ұлттық хауіпсіздік комитеті бойынша бөлінген қаражат құрамында Қазақстан Республикасы Шекара әскерлерін ұстауға 19 287 224 мың сом және Жоғары командалық шекара училищесін ұстауға - 1 526 246 мың сом қаржы көзделгені ескерілсін. Одан басқа, Ұлттық хауіпсіздік комитетін жалпы қаржыландыру көлемінен 1 824 029 мың сомды күрделі құрылысқа жұмсау көзделді".

11. "1993 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі Президиумының қаулысын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 15 маусымдағы N 506 қаулысының 2-тармағының "г" тармақшасының екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы, он бірінші, он екінші,

он төртінші, он бесінші, он алтыншы, он жетінші, жиырма бірінші және жиырма бірінші абзацтары, 3-тармағының бірінші абзацы, 5-тармағы, 6-тармағының "ж", "з" тармақшалары, сондай-ақ осы қаулының N 1 және 2-қосымшалары күшін жойған деп танылсын".

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1993 жылғы 12 қарашадағы  
N 1113 қаулысына  
N 1 қосымша

Қазақстан Республикасының 1993 жылға арналған  
нақтыланған республикалық бюджеті  
(Кесте)

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің  
1993 жылғы 12 қарашадағы  
N 1113 қаулысына  
N 2 қосымша

Журналдар мен газеттер редакцияларының  
залалдарын жабуға 1993 жылға республикалық  
бюджеттен олардың құрылтайшылары бойынша  
бөлінетін қаражат  
(Кесте)